

Ыбырайдың ағартушылық тағылымы

Қазақтың ұлттық мәселесі – қазақ қоғамындағы әлі күнге дейін шешімін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі. Ал кез-келген ұлттың болашақ тағдыры оның тілімен, дінімен, рухани байлығымен, әсіресе ұлттық санасымен байланысты. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ зиялы қауымының барлығы дерлік халқына шығармашылық еңбектері мен қажырлы қызметтері арқылы осы мәселені шешу жолында тер төкті және осы жолда құрбан да болды.

Өткеннің бәрі өшпек емес. Керісінше, күн өткен сайын алыстан жарқырай көрініп, өзіне күштар ете, баурай түседі. Шұғыл бетбұрыстардың, қайта құрулардың шаңына көмілген асыл дүниелер, қанға сіңген болмыстың тереңнен тартылған тамырлары, тағдыры тасырандаған замананың қитұрқы, ызғарлы екпінінен теперіш көрген ұлы тұлғалар белгілі бір уақыттарда ғана ескерусіз қалып, қайтадан көмбе астынан аршылып алынған алтындай көзді қарықтырып, жарқырай, нұрын шаша шығып жатады.

XIX ғасырдағы орыстың атақты философы және тарихшысы С.Н.Трубецкой: «Анығына келсек, тарихта бәрін жасайтын адам, сол арқылы ғана идея іске асады» – деген сөзін осы тұрғыдан алып қарайтын

бағдарламасы негізінде «Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық тағылымы» атты республикалық ғылыми-танымдық дөңгелек үстел форматында болып өтті.

Іс-шараны негізгі ұйымдастырушылар Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейі мен институттың «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі болды.

Дөңгелек үстелді Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсарин мемориалдық музейінің ғылыми қызметкері Өтелбаева Салтанат Амантайқызы жүргізіп отырды.

Дөңгелек үстелдің кіріспе сөзін институттың Басқарма Төрағасы – Ректор, г.ғ.д. Қуанышбаев Сейітбек Бекенұлы ашты. Қазіргі уақытта елімізде тәуелсіздік жылдарынан бастап қазақ халқы үшін еңбек еткен жеке тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу әлі күнге дейін жалғасуда. Елімізде жүргізіліп отырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалар Ұлы Далада ұмыт болған немесе ескерілмей келе жатқан есімдердің қайта жаңғыруына бастама болары сөзсіз. Ыбырай Алтынсариннің есімі жаңа есімдер қатарында болмағанымен, оның қызметі мен еңбегіне қатысты қазіргі кезде отандық ғалымдар тарапынан жаңаша баға беріліп жатыр.

Дөңгелек үстелде: Қостанай қаласынан А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетіндегі Ахмет Байтұрсынұлы музейінің меңгерушісі филос.ғ.к., профессор Жақып Қалқаман Хасенұлы мен Ыбырайтанушы-ғалым, ф.ғ.к. Серікбай Оспанұлы, Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейінің ғылыми қыз-

XIX ғасырдағы орыстың атақты философы және тарихшысы С.Н.Трубецкой: «Анығына келсек, тарихта бәрін жасайтын адам, сол арқылы ғана идея іске асады» - деген сөзін осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, XIX ғасырдағы азғантай ғана қазақ зиялы қауым өкілдерінің халықтың бар күші өздеріне түскендігін біле отырып, патша үкіметінің қатаң бақылауына қарамастан саналы түрде бейбіт жолмен халқына қызмет ете білгендігін байқау қиын емес. Осы тұрғыдан: «... Олай болса, қазақ даласында да, Еуропалық өркениетке қарай бет бұру қажеттігін ұғынып, халықты осындай даму жолына қарай жетелеу керектігін түйсінетін ағартушылар немесе элита тобы қалыптасуы тиіс еді. Бұл тарихи қажеттілік – Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, Ш.Уәлиханов сынды қазақ зиялыларын дүниеге алып келді» - деген отандық ғалымдардың пікіріне қосылуға болады.

Алайда Ресей империясының отарлау саясатының қыспағына қарамастан оқу-ағарту мәселесін алға қойып, халықтың санасын оятуда тер төккен тұлғалардың тарихта қалдырған ізін сол заман тұрғысынан бағалай білуіміз керек. Себебі тарихи оқиғалардың өзі тұлғалардың дүниеге келуіне себеп болады, ал тұлғалар өз кезегінде халыққа жасаған жағымды іс-әрекетімен тарихты жасап, халықтың есінде қалады.

Сондай ірі тұлғалардың бірі – Ы.Алтынсарин. Қазіргі уақытқа дейін қазақ халқының әсіресе, бала тәрбиесіндегі, оқу-ағарту саласындағы көкейкесті мәселелерді қозғаған кезде ұлы ұстаздың еңбектеріне назар аударатынымыз рас. Себебі қай уақытта болмасын бала тәрбиесі мен жас ұрпақты дұрыс жолға салу – күн тәртібінен түспеген үлкен мәселе.

Биылғы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық тойына арналған іс-шара 18 мамырда институтымыздың мәжіліс залында «Рухани жаңғыру»

университетіндегі Ахмет Байтұрсынұлы музейінің меңгерушісі филос.ғ.к., профессор Жақып Қалқаман Хасенұлы мен Ыбырайтанұлы-ғалым, ф.ғ.к. Серікбай Оспанұлы, Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейінің ғылыми қызметкері Досмағамбетова Шынар Сұлтанқызы, Нұрсұлтан қаласынан Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Пұсырманов Нұрбек Серікұлы, Жангелді ауданынан «Торғайдың мұражайлар кешенінің» КММ басшысы Сәрсекей Гүлбану Құлетқызы, Арқалық қаласы Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның тарих пәнінің мұғалімі Рахимова Сания Мустахимовна, Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының ғылыми қызметкері Сағынтаев Батырлан Жұмабайұлы, Арқалық педагогикалық институтының доценті, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры Роман Аймағамбетұлы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты «Алтынсарин мұражайының» маманы Шорманова Қаламқас Кендебайқызы, Ы.Алтынсариннің өмірбаяны, қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылық еңбектері туралы бұрын айтылмаған тың ойларымен, ұсыныстарымен бөлісті.

Пікір-таласқа қатысқан Амангелді мемориалдық музейінің бас қор сақтаушысы Әбжанова Камшат Жарылқапқызы, Арқалық қаласы Дала өлкесі тарихы облыстық мұражайының директоры Қасенов Асхат Аманжолұлы, Жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің деканы ф.-м.ғ.к. профессор Әбілхан Үмбетов өз ойларымен бөлісе отырып, талданып отырған мәселенің ұлт болашағы үшін қандай маңызы мен ролі бар екендігіне тоқталып өтті.

Роман АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ
Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық педагогикалық институтының доценті, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің директоры.